



Автор: Кабиева Женисгул Исатаевна

Пән: Көркем еңбек

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Дизайн және технология

Тақырып: Қазақтың ұлттық киімі. Этностиль. Ою-өрнек стилизациясы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.1.2.1-Тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету 8.1.3.1-Шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы)
Сабақтың мақсаты:	- Тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін білу - Тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларын талдау - ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану Шығармашылық идеяларды дамыту
Бағалау критерийлері:	Өнер, қолөнер, дизайн түрлерінің ерекшеліктерін біледі Шығармашылық идеяларын дамытады Ақпарат көздерін қолданады
Пәнаралық байланыс:	Тарих – қазақ ұлттық киімі тарихына шолу Информатика АКТ мен жұмыс

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	оқушылармен амандасу, «Мадақтау» әдісін қолдану арқылы жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру Оқушылар сынып ішінде жүріп, бір-біріне мақтау комплимент айтады. «Бүгін тіпті құлпырып кетіпсің», «Сен өте әдепті жансың», сенімен бірге жұмыс жасау маған ұнайды» т.б. «Суреттерді топтастыр» әдісін қолданып оқушыларды топқа бөлу Оқушыларға ұлттық киім және іскерлік киім суреттері бейнеленген карточкаларды үлестіріледі. Ұқсас суреттерді топтастыру. арқылы топқа бөлінеді. Топбасшысын тағайындалады. 1-топ – ұлттық киім 2- топ – іскерлік киім «Пицца» әдісі арқылы өткен тақырыпқа шолу: 1. Қазақ ұлттық киімінің қандай түрлері бар? 2. Ұлттық киімдер тігу үшін қандай материалдар қолданады? 3. Қазақ ұлттық киімдерінде қандай әшекейлеу түрі қолданады? Ұлттық киімдер қолдану жасына қарай қандай түрге бөліне ?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>«Анаграмма немесе адасқан сөздер» әдісі арқылы тақырыпты анықтау киімі Ою-өрнек Қазақтың Этностиль. ұлттық. стилизациясы Оқушылар жасырылған тақырыпты табу керек. Оқушылармен бірлесіп оқу мақсаттарын және сабақ мақсаттарын анықтау, тапсырмалар және жетістік критерийлерімен танысу. Мәтін беріледі. мәтінді оқиды және венн диаграммасы арқылы этностильдегі ұлттық және дизайнерлік костюмдерді салыстырады, ұқсастығы мен ерекшеліктерін ажыратып жазады Слайдтан Ая Бапани мен Аида Кауменованың этностильдегі киім топтамаларын көрсету «Венн диаграммасы» Дескриптор Білім алушы - Мәтінмен жұмыстанады; - этностильдегі ұлттық және дизайнерлік костюмдерді ұқсастығы жазады - этностильдегі ұлттық және дизайнерлік костюмдерді ерекшеліктерін ажыратып жазады 1- Топтың тапсырмасы Ақпарат көздерін қолданып, қазақ ұлттық киімдерінің ерекшеліктері мен түрлерін анықтап, сипаттаңыз. Кестені толтырыңыз. Дескриптор Білім алушы - ұлттық киім түрлерін анықтайды; - ұлттық киімдердің ерекшеліктерін ажыратады; - сипаттама бере алады. 2. топтың тапсырмасы № Стиль атауы Сипаттамасы 1 2 3 4 Дескриптор Білім алушы - киім үлгілерінің стилін анықтайды. -Стиль ерекшеліктерін ажыратады; - сипаттама бере алады; Бағалау: «Бас бармақ» тәсілі арқылы топтар бірін-бірі бағалайды Топтық жұмыс: АКТны пайдалана отырып қазақтың ұлттық дәстүрлі киімдері туралы презентация дайындайды және таныстырылым жасайды Дескриптор - АКТны қолданады (ҚБ) қол шапалақтау</p>	
Сабақтың соңы	<p>«5 минуттық эссе» әдісі «Егер мен сәнгер, дизайнер, тігінші болсам....» Тақырыбына эссе жазады. Екі топ өзара эсселерін талқылап, үздік жұмыс оқылады.</p>	